



a.yassauy@mail.ru

университет студенттерінің үні

№ 08(538) 19 қыркүйек 2023 жылы

ҒАЛЫМ ЕСІМІ- ЕЛ ЕСІНДЕ САҚТАЛАДЫ!



Педагогика ғылымдарының докторы, профессор ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі Серік Жайлауұлы Пірәлиев ұзақ жылдар бойы еліміздің жетекші университеттерінде, ҚР Білім және ғылым министрлігінде басшылық қызметтер атқарып, саланың дамуына зор еңбек сіңірді. Талантты шәкірттер баулыған ұлағатты ұстаз, ел ісіне етене араласқан көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері болды. Отандық ғылымның

қарқынды дамуына айрықша үлес қосты. Сонымен қатар қоғамдық істерге де атсалысып, жұртшылықтың ізет-ілтипаты мен құрметіне бөленді. Жемісті қызметі жоғары марапаттармен атап өтілді.

Ардақты ағамыздың өнегелі өмір жолы ұрпақтан ұрпаққа үлгі болып, ақжарқын асыл бейнесі барша жақындарының жүрегінде мәңгі қалары сөзсіз. Ғалымның ғұмыр жолы өскелең ұрпаққа әрдайым үлгі болып қала беретіні анық.

Саясат НҰРБЕК,
ҚР Ғылым және
жоғары білім министрі.

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ, БІЛІКТІ БАСШЫ

Мәртебелі оқырман!
Құрметті ұстаздар, сүйікті шәкірттер!

Халықаралық университетіміздің үні – «Ясауи университеті» газетіміздің бүгінгі санын ұлағатты ұстаз, білікті басшы Серік Жайлауұлы Пірәлиевтің саналы ғұмыры мен ұстаздық жолына арнап отырмыз. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Серік Жайлауұлы Пірәлиев Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне 2003-2007 жылдар аралығында басшылық жасады.

Серік Жайлауұлы Пірәлиев – саналы ғұмырын білім-ғылым саласына арнаған қабырғалы қайраткер. Көптеген талантты шәкірт баулып, томағасын сыпырған ұлағатты ұстаз. Еліміздің бірнеше іргелі оқу орнына басшылық жасаған білікті басшы. Серік Жайлауұлы университет ректоры болған жылдарда студенттеріміздің саны жиырма жеті мыңнан асты. Ол кісі басшылық еткен жылдары білім ордасы Италияның Болон университетінде үдерістің негізі болып қаланған университеттердің Ұлы Хартиясына қол қою арқылы білім берудің әлемдік кеңістігіне қосылды. Түркі тілдес елдердің достығы аясында өркендеп келе жатқан оқу орнында қалыптасқан оқу жүйелерімен қатар қашықтықтан білім беру бағдарламалары қолға алынды. Білікті әрі таңдаулы профессор-оқытушылар құрамы озық технологияларды, интернетті пайдаланып, жер шалғайлығына қарамай студенттерге білім беру мүмкіндігіне ие болды. Ол білім ордасының профессор-оқытушылар құрамының сапалық деңгейін көтеруді басты назарда ұстады. Оның табандылығының арқасында Ахмет Ясауи университетінде магистратура және докторантура институты қалыптасты. Сондай-ақ осы кезеңде университет басшылығы әлемнің алдыңғы қатарлы елдеріндегі сияқты кредиттік оқу жүйесіне көшу мәселесіне ерекше көңіл аударды. Осы жылдары оқу орнының материалдық-техникалық базасы барынша нығая түсті, заманауи лабораториялық жабдықтар алынып, дәрісханалар интерактивті тақталармен қамтамасыз етілді. Университетіміздің сәніне айналған көк күмбезді бас ғимарат та Серік ағайдың тікелей басшылығымен салына бастады. Серік Жайлауұлы Халықаралық оқу орнымыздың

сан-салалы әлеуетін арттырып, қарқынды дамуына айрықша үлес қосты. Ұжымның айрықша құрметіне бөленіп, студент жастардың сүйікті ұстазына айналды.

Серік Жайлауұлы өзінің бір сұхбатында: «Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне басшылық еткен жылдарымда өзімнің бүкіл қабілет-қарымымды, білімім мен білігімді жұмсай отырып, оқу орнын түлетуге аянбай атсалыстым, тәжірибем бұрынғыдан да молайды», - деп айтқан екен. Расында да, ол кісінің білімі, тәжірибесі мен көшбасшылық дарынының арқасында аз уақыттың ішінде университетіміз жоғарыда атап өткен орасан жетістіктерге қол жеткізді. Оның өзге де оқу орындарындағы жемісті қызметі жоғары білім сала-

сы басшыларына үлгі. Серік Жайлауұлына Қазақстан Тәуелсіздігінің 20 жылдығы қарсаңында берілген «Жылдың ең үздік ректоры» атағы да нақ өз иесін тапқандай.

Серік Жайлауұлы мемлекет және қоғам қайраткері ретінде де елдік мәселелерге етене араласты. Педагог ретіндегі бай тәжірибесі мен өнегесін жас ұрпаққа сіңіру бағытында еселі еңбек етті. Қажырлы қайратымен құрмет биігіне көтерілді. Адал қызметі лайықты бағаланып, «Құрмет» және «Парасат» ордендерімен, Ахмет Байтұрсынов атындағы алтын медалімен, «Қазақстан ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, Капица атындағы күміс медальмен марапатталды.

Университетіміз де ұстаздардың ұстазы атанған Серік Жайлауұлының есімі мен еңбегін есте қалдыру мақсатында бірқатар игі шараны қолға алды. Бүгін салтанатты түрде ашылатын Серік Жайлауұлы Пірәлиев атындағы конференция залы – ұлағатты ұстаз рухына тағзым шараларының бастауы болмақшы. Аталмыш конференция залында келелі кеңестер мен тағылымдық дәрістер ұйымдастырылып, жас ұрпақты тәрбиелеуге қызмет етеді.

Тектілігін танытқан тұлғаның ерен еңбегі университетімізде құрмет төрінде тұратын болады. Ардақты есімі әріптестері мен шәкірттерінің жүрегінде мәңгі сақталады.

Жанар ТЕМІРБЕКОВА,
Университет ректоры



ІСКЕР БАСШЫ

КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ ШЕБЕР ҰЙЫМДАСТЫРУШЫ

Мен профессор, ҰҒА академигі Серік Жайлауұлы Пірәлиевпен 1991 жылы Қазақ КСР жоғары және арнайы орта білім министрлігінде таныстым. Сол кезде Қ.А. Ясауи атындағы Түркістан мемлекеттік университеті жаңадан құрылғалы жатқан кез еді. Серік екеуіміз бір көріскеннен достасып кеттік, оның себебі жерлестігіміз бір жағынан болса, екінші жағынан химия саласының маманымыз. Мен ол кезде Қарағандыда Ғылым академиясының Органикалық синтез және көмір хи-

тәрбие мәселелеріне көп көңіл бөлді.

Серік Жайлауұлы мол тәжірибе жинап, ең шарықтаған кезінде, 2008 ж. Алматыдағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне ректор болып тағайындалды. Бұл кезде мен ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті лауазымында едім. Серік Жайлауұлын шақырып, бұл университеттің бұрынғы ректоры болған ҰҒА академигі менің марқұм досым Тоқтар Сәлменұлы Садықовтың орнына ҰҒА-ның Қоғамдық және

гуманитарлық бөлімшесіне төрағалық қызметті ректорлық жұмысымен қоса атқаруын ұсындым. Алдымен ҰҒА президиумының шешімімен академияға құрметті мүше, одан соң мүше-корреспондент (2012), академик (2014) болып сайланды.

Академик С.Ж.Пірәлиев ҰҒА-ның ең ірі бөлімшесін, оның мүшелерімен тез арада тіл табысып, жақсы басқарды. Жиі кездесіп, ақылдасып отырдық. Ал енді Абай атындағы ҚазҰПУ-дағы қызметіне келетін болсақ, бұл Серік Жайлауұлының ең жемісті, нәтижелі жетістіктері болды. Педагогика ғылымына, әсіресе бұл саланың жаңа инновациялық бағыттарына баса көңіл бөліп, оқу және тәрбие жұмыстарының сапасын ғылыми негізде жетілдіріп, халықаралық стандартқа сай етіп, оның ұлттық сипатына басымдық беріп отырды. Педагогтық, ғылым мен білімді ұштастыра білетін кадрлар дайындау мәселелерін де жақсы жолға қойды.

Академик С.Ж.Пірәлиев көптеген ғылым кандидаттары мен докторларды дайындады, 300-ден астам ғылыми монографиялар, мақалалар мен патенттер шығарды. Ерен еңбегі үшін «Құрмет», «Парасат» ордендерімен, көптеген республикалық және халықаралық сыйлықтар мен медальдармен марапатталды.

Серік Жайлауұлы нағыз ұстаз, парасаты мол, көркем мінезді, қайырымды, айналасына жайлы басшы болды.

миясы институтының директоры, х.ғ.д., профессор, Ғылым академиясының корреспондент-мүшесімін, жоспарланған университеттің ректорлығына ұсынылып, оның ашылуына қажетті құжаттарды дайындау кезеңінде жүрген едім.

Маусымның 6 күні ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қожа Ахмет Ясауи атындағы Түркістан мемлекеттік университетін құру туралы жарлығы шықты. Негізінен мен, Серік және Найман үшеуіміздің дайындаған құжаттарымыз мәресіне жетті. Мен ректор болып тағайындалып Түркістанға кеттім. Одан соң тағы бір кезде Түркияға студенттерді оқуға бірге апардық.

Одан кейін Серік Жайлауұлы жаңадан құрылған ТМД елдерімен ынтымақтастық істерімен шұғылданатын мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Ол кезде жиі арасып тұрдық. Ол комитеттің төрағасы менің досым, белгілі мемлекет қайраткері Қалық Абдуллаев еді. Ол комитет қысқартылып тараған соң С.Ж. Пірәлиев Білім министрлігіне қайта оралып Жоғары білім басқармасының бастығы болды да, көп ұзамай Қыздар педагогикалық институтына ректорлық қызметке тағайындалды. Министрлікте жинаған тәжірибесін қолданып, институттың көптеген қиын мәселелерінің шешімін тауып, ұжымды жан-жақты алға тартты.

2002 жылы мен қызмет ауыстырдым. Жаңа қызметке кетіп бара жатып, артыма жалтаң-жалтаң қарайлап кеттім. Өйткені, Түркістанда ұйымдастырып ашылуына көп еңбегім сіңген Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті қалып бара жатты. Университет басшылығына белгілі бір азамат тағайындалып еді. Ол ұзақ уақыт басқара алмады. 2003 жылы профессор С.Ж. Пірәлиев қасиетті Түркістан қаласында орналасқан Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне ректор болып тағайындалды. Ол жерде де ұжымда беделі жоғары болып, жақсы қызмет атқарды, университет қалашығының құрылысын жалғастырды. Түркістанға барған сайын университет жұмысын бақылап, жанашырлықпен қарап жүрдім. Серікпен әңгімелесем. Істің жақсы жүріп жатқанын көріп қуанам. «Университет – сенімді іскер қолда екен ғой» - деп тәубешілік жасап қайтамын.

Серіктің сапалы еңбегі бағаланып, ҚР Білім және ғылым министрлігіндегі Жауапты хатшы қызметіне тағайындалды. Бұл лауазымда Серік Жайлауұлы педагогтық тәрбие және отбасылық



Жұбайына адал жар, бала-шағасына мейірімді әке, немерелеріне сүйікті ата болды. Қадірлі досымыз Серіктің жарқын бейнесі жадымызда, жүрегімізде мәңгі сақталады.

Мұрат ЖҰРЫНОВ,
ҚР ҰҒА академигі,
Университетіміздің тұңғыш ректоры.

ӨШПЕЙТІН ІЗ ҚАЛДЫРҒАН..

Академик Серік Пірәлиев туралы оның маман ретінде кәсіби біліктілігін әріптестері, ал Ректор, Министрліктің жауапты хатшысы, тағы басқа жоғары лауазымды қызметтері туралы қызметтес азаматтар айта жатар. Мен Серіктің ағасы, әрі жерлесі ретінде өз мақтанышымды білдіргім келеді. Серік Жайлауұлы «сұңқарлар

Қалдыбаев, У. Бишімбаевпен қатар академик Қалдыбай Пірәлиев ағаларымыз тұр. Серік осы ағаларға қарап ой түзеді. Түлкібастан шыққан Т.Рысқұлов, Б.Момышұлы, Ш.Мұртазаның тарихи, мәдени, қайраткерлік қасиеттеріне қарап, еліктеп өсті.

Серік Жайлауұлы ғұмырын ғылымға арнай отырып, бірталай

талаптылық, жоғарғы профессионализм, ғылымның жаңа тұстарын ашып оны тәжірибеде қолдану, басқарушылық, ұйымдастырушылық қасиеттері осынау жетістіктерге жеткізді.

2003 жылы мен ректор болған Халықаралық қазақ-түрік университетіне келіп, менің бастамаларымды жалғастырып, университеттің одан әрі өркендеп өсуіне ықпал етті.

Серік Жайлауұлының ғылыми және педагогикалық еңбектері тек қана Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар шет елдерде де кең танымал және жоғары бағаға ие. 200-ден астам ғылыми еңбектері, 6 ғылыми жаңалығы оны үздік ғалым ретінде танытты. Осының барлығы оның ғылымның дамуына қосқан үлкен үлесі деп білеміз.

Серіктің адами болмысының жоғары деңгейде екендігі, кішіпейілділігі, қарапайымдылығы, шынайылығы, кез келген адамды тартып тұратындығы, тағы басқа қасиеттерімен ол басқалардан ерекше болып көрінетін.

Қадірлі Рахман аға, София келін, Серіктің бауырлары, Сіздерге ризашылығымды білдіремін. Серіктің жатқан жері жарық, иманы саламат, арты жақсы болсын! Серік Жайлауұлының рухани мұрасын келешек жастар үшін жалғастыру қажет.

Кейде біз қайраткердің ішінде қандай сыр бар екенін, оның болмысын біле бермейміз де, асыра сілтейміз. Айырылып қалғанда ғана өттен жақсы азамат еді дейміз. Бұл да ескі жүйенің қателігі.

Ал халықтың білетіні, Серік Жайлауұлы келешекке, әсіресе білім саласына өшпестей із қалдырды!



ұшқан, тұлпарлар озған» Қазақстанның «Швейцариясы» атанған Түркібастың түлегі. Серік оқыған Түлкібастың Абай атындағы қазақ орта мектебінен бітірген түлектердің бірең-сараңы ғана болмаса, барлығы дерлік жоғары оқу орнына түсетін. Сержан Әмірханов ағай көп жыл директор болған кезде мектептің абыройы жоғары болатын. Ұлы Отан соғысы кезінде Мәскеу мемлекеттік университетінен және басқа жерлерден келген орыс мұғалімдері бізге сабақ берді.

Тек білімді ел ғана, білімді мемлекет ғана кез келген қиындықтан шыға алады. Осыны ерте сезген азамат Серік Жайлауұлы бар ғұмырын «БІЛІМГЕ» арнады. Абай мектебінің үздігі болды.

Мен Серіктің жастайынан қалай өскенін білем. 1990 ж. басы, ол кезде мен Жоғарғы Кеңес Президиумының мүшесі, Комитет төрағасы, халық депутаты едім. Серік інім Егеменді елдің бірінші білім министрі Шайсұлтан Шаяхметовтың тәрбиесін алды. Одан кейін Серік, Халық Абдуллаевта сыртқы экономикалық қатынастар комитетінің орынбасары (зам.министр) болып істеді. Серік өз еңбегімен өсті, өнді. Ол уақытта қазіргідей ешқандай «блат» та жоқ, сыбайлас жемқорлық жоқтың қасы болатын. Алда жалғыз ағасы Қалдыбай (біз үшін Рахман аға), оның өзі тек ғылыммен айналысты. Ғылымның шыңына шыққан академик тұлға. Ол туралы басқа әңгіме...

Серік Жайлауұлы шыққан біздің Түлкібастан 600 астам ғылым докторлары, ғылым кандидаттары, ғалымдар шыққан. Мұндай мысал елімізде жоқтың қасы. Оның басында Мекемтас Мырзахметов, Нұрғали Сарыбеков, Оразбек

белестерді бағындырды. Соның айғағы ретінде ғылым академия-



сында кіші ғылыми қызметкерден бастап Білім министрлігінде жауапты қызметтер, халықаралық және ұлттық университеттердің ректоры лауазымына дейінгі аралықты айтуға болады. Нағыз ғалымға сай бойындағы

Оразалы СӘБДЕН, академик.
Қазақстан Ғалымдар одағының президенті,
Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің 2001-2003 жылдардағы ректоры

ЕСТЕЛІК

София АРҒЫНҚЫЗЫ:

«ОНЫҢ ӘРБІР СӘТІН БОЙТҰМАРДАЙ»

Жан-жарым Серігім жайында көлемді естелік жазарым анық. Бірақ, әлі қайғы бұлты тарамай тұрып, естелік жазу маған оңай емес. Мені ел-жұрт дұрыс түсінер деп ойлаймын. Серіктей жарымды жоғалтқан менің өзіме-өзімнің келуім де оңай шаруа емес. Қайғы бұлты тарау үшін уақыт керек. Уақыт – емші деп жатады емес пе?! Енді, міне достары жан-Серігім жайында «Өнегелі өмір» сериясымен кітап шығармақ. Кітапқа менің де жан сөзім кіруі керек-деп өтініш айтып отыр. Естелік кітабынан «Өнегелі өмір» сериясымен шығатын кітаптың табиғаты екі бөлек екенін білемін, әрине. Сондықтан қайғы-қасіретімді ішке жасыра отырып, аз ғана ойымды бөлісуді жөн көремін.

Әрине, өмірлік жарым, балаларымның аяулы әкесі Серік нағыз ғылымға берілген жан болатын. Химия ғылымдарының кандидаты, педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі деген атақ-абыройға ол оңай жеткен жоқ. Ол бала кезінен талпынып, студент, кейін Ғылым Академиясында Ө.Бектұров атындағы Химия институтында лаборант, ғылыми қызметкер бола жүріп жеткен биігі мен жетістіктері еді. Жасаған ғылымы, ашқан жаңалығы, алған асулары жайында үзеңгілес үлкен ғалымдар айта жатар. Менің өзімнің жарым жайында сөйлегенде, ғылымына баға беріп жатуым оғаштау болуы мүмкін. Ал, мен тұрмысқа шыққанда Серік ғылымды армандап жүрген, осы жолда ғылыми зерттеу жұмыстарын жазуға талпынып жүрген жап-жас аспирант болатын.

Ол кездері химия сияқты күрделі ғылым саласында еңбек ету, ауылдан келіп, аспирантураға түсіп оқу қиынның қиыны болатын. Және аспиранттар пайдаланатын ғылыми монографиялардың, зерттеу еңбектердің бәрі орыс тілінде ғана еді. Қазақ мектебін бітірген ауыл жастары үшін олардағы күрделі ғылыми терминдерді түсініп, оқу, қабылдау да оңайға соға қоймайтын. Сол қиындыққа қарамастан жас шағымыздағы махаббат жалыны, біз кешкен сүйіспеншілікті тілмен айтып жеткізу тіпті мүмкін емес. Мен үшін асыл азамат, қадір тұтам өмірлік серігімнің мамандығы химик болғанымен, романтикаға толы жаны асқақ армандарға толы еді. Ақбиік ауылына келін болып түскен күннен бастап оның ғылым жолындағы қиын да қызықты сапарына серік, қолдаушы, қамқоршы болуым керектігін айқын сезіндім. Сезінген ойымды, түйген пікірімді өмірімнің міндетіне айналдыруды парыз деп білдім. Жарымды асыл арманымен бірге қосып бойтұмар етіп мойныма тағып алған жас келіннің кейпіне ендім. Өмірлік ұстанымыма айналдырдым. Өйткені, шығармашылық адамы тылында жарынан қолдау таппаса, оның жетістікке жетуі неғайбіл болатыны түсінікті ғой. Серіктей асыл жарды жоғалтып, Жер соғып отырған бүгінгі күні ойлаймын, алғашқы күннен ойыма түйген, мойныма жар ретінде міндет етіп тұтқан осы жайды адал орындап шықтым-ау

деп. Серіктің жай адам емес, еліне, жұртына үлкен ғалым болып, биік өреде қызмет етуіне өз мүддемді осылай қостым деп ойлаймын. Ғылымында түзде (лабораторияда) жасады. Ал, мен үйде тілекшісі болып, қолымнан келгенінше бар жағдайын жасадым.

Тіпті қайын атамыз да бізбен бірге тұрған кездері молынан. Туған әкесі. Әкеме не жағдай керек деп алаңдар болса, ғылымына нұқсан келе ме, диссертация қорғауы кешеуілдей ме, -деген оймен мен атама әрі келін, әрі Серіктің орнына бала болып та қызмет етуге тырысатын едім. Адал пейілімді көрген атам да мені туған перзентіндей жақсы көрді. Аталық, тіпті әкелік мейіріммен жақсы көрді.

Кандидаттық диссертация қорғалды. О, ол күнгі Серіктің қуанышында шек болған жоқ. Ағасы, бүгінгі академик қайнағамыз қандай қуанды десеңізші. Жетекшілері өз алдына бөлек. Жастардың жетістігіне шын қуанатын шыннайы ғалымдар аллеядасы бар еді ғой, ол кезде. Достары ше? Достары өздері қорғағандай шаттанды. Осының бәрі алдымен Серіктің өзінің ғылыми ортасына сыйымдылығынан туындап жатқанын аңғарамын. «Өзі жақсы кісіге қайда да бір кісілік орын бар...» -деймін Мен де қуанып. Серік қорғағаннан кейін «Пірәлиевтер



ТҮЙІП АЛҒАНМЫН»

отбасы – Ғалымдар отбасы» атана бастады. Қалдыбай ағамның сенімінен шықтым-деп Серік те балаша қуанды. Жетекшілеріне, тілек қосқан сарапшыларына барынша адалдық танытумен өтті.

Бір күні Серік қызметінен ойланып келді. Оқу министрі Шайсұлтан Шаяхметов Серікті өзіне көмекшілікке шақырыпты. Ол да химик. Министрдің көмекшісі дегенің ресми қызмет. Ал, Серіктің табиғаты ғалымдық. Ағасы да, жетекшілері де жаңалықты диссертациядан соң Серіктің әкімшілік қызметке баруын қаламады. Жақсы қорғалған жаңалығы бар диссертацияның докторлыққа жалғасуын күтулі еді олар. Серік кандидаттық диссертация қорғаған уақытта Әбікен Бектұров, Батырбек Бірімжанов, Шәрбан Батталовна, Болат Жұбановтардың көзі тірі еді. Оларды Серік үнемі өзіне ұстаз санап, өзіне де, өзгеге де үлгі тұтып айтып отырар еді.

Кейін ресми, тіпті саяси қызметке араласа жүріп докторлық диссертация қорғады. Ағасының, бұрынғы ғылыми жетекшілерінің сенімі алдамады деп білемін. Әрине, ендігі қорғауы – химия емес, педагогика. Ғылым кандидаты дәрежесінде қалып қоя ма,-деп қорқып жүргенде жарымның докторлық диссертация қорғауы біздің шаңырақ үшін, тіпті тұтас әулет үшін айтары жоқ, зор қуаныш

болды. Әсіресе, Мен ерекше қуандым-ау,-деп ойлаймын. Өйткені, Серік сан-сапалақ ресми қызметтің арасында жүріп, докторлығын қорғай алмай қала ма,-деп қорқушы едім.

Ғылым Серіктің бір арман қанаты болса, екінші арман қанаты – перзент сүйіп, оларды есіріп, аяқтандырып, отбасы бақытына бөлену болғаны хақ. Ой, балаларын қандай жақсы көрер еді, Серік. Балаларым да әкесінің көңіліне жел болып тимегені хақ.

Өмірге перзент әкелу, олардың Бесік жырын тыңдап өсіп, тәйтәй басқан қадамын қызықтау – әке мен анаға бірдей қуаныш. Әрине, Ананың еңбегі көбірек болатыны түсінікті. Дегенде, Серік ерекше балажан еді. Ата-ана үшін әр перзенттің өз орны бар. Аталық, Аналық мейірімді бәріне бірдей төгесің. Мейірім шуағын бәріне бірдей төге жүріп,



олардың өмірге құштарлығын, алғырлығын, бейімін бақылап әртүрлі жеміс үзгенін қалайсың. Өмірінің көп бөлігін ресми қызметте өткізген Серіктің де әр баласы жайында бір тәтті үмітпен әңгімелейтіні жадымнан шығар ма, сірә?! Шықпайды. Оның әрбір сәтін бойтұмардай ойыма түйіп алғанмын. Естелік кітабында ойыма алып, жазармын деп ойлаймын.

Жан-жарым Серік өзінің белбалаларын ғана жақсы көретін ой-әрісі шектеулі, жан-дүниесі өзімшіл қасаң адамнан емес-ті. Өзгенің балаларын өз баласынан артық демейтін, тең көріп, қамқорлықты қатар жасап, содан ләззат алатын асыл Адам болды. Оның жастарға қамқорлығы әсіресе үш жоғары оқу орнына басшы болған кезінде ерекше гүл ашты деп ойлаймын. Қыздар педагогикалық институты (кейін университет), Түркістандағы тұңғыш Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті... Серік қазақтың ұлын өз ұлындай, қызын өз қызындай жақсы көріп, зор әкелік сүйіспеншілікпен қарады. Ол әсіресе жетім ұл, не жетім қыз көрсе, бар қамқорлығын жасауға асығатын. Қаншама жетім қызды оқытты, қаншама жетім ұлды оқытты. Ректорлық қордан оқытты, өзінің қаражатына оқытты.... Әрине, Мен бұлай дегенде, туған-туысқа жасаған жақсылығын, олардың балаларын оқытқанын айтып отырғаным жоқ. Мен ісі қазақ баласына жасаған қамқорлығын айтып отырмын.

Айналасына шуақ шашып жүретін жанның еліне, жұртына жасаған (Мені, отбасын былай қойып) сан мыңдаған жақсылығының қайсыбірін айтайын?! Серіктің менің тағдырымдағы орны ерекше еді. Орны толмас өкініш өзегімді өртесе де оның ұрпақтарын ата даңқына сай өсіру менің міндетім. Өмір – күрес деген осы шығар?!



София АРҒЫНҚЫЗЫ,
Серік Пірәлиевтің жары.

ЗАМАНДАС КЕЛБЕТІ

РЕФОРМАТОР РЕКТОР

Мемлекет және қоғам қайраткері, көрнекті ғалым, ұлағатты ұстаз Серік Жайлауұлы Пірәлиев талай ұлыларды дүниеге әкелген қасиетті оңтүстік өңірінен түлеп ұшты. Зерделі ғалым ретінде еліміздің білім, ғылым саласының дамуына өлшеусіз үлес қосып, саналы ғұмырын ұлт руханиятына арнады. Қара шаңырақ ҚазҰУ-да білім алып, еңбек жолын Ұлттық ғылым академиясының Химия ғылымдары институтында лаборант, инженер, кіші ғылыми қызметкер ретінде баста-

Екі оқу орнынан жинақтаған рухани қазыналарым Қазақстандағы тұңғыш жоғары оқу орны, қазақ білімінің қара шаңырағы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне келгенде маған үлкен демеу болды», – деп ағынан жарылып, шынайы жауап бергені есімізде. Мен білетін Серік Жайлауұлы ғылымға шын берілген, өз ісіне мығым, қандай мәселеде болсын сабырмен шешім қабылдайтын салмақты, іскер басшы еді. Азамат ретінде жаны таза, жүрегі

ақ, дос-бауыр мен ағайынға құшағы ашық, ағаларына адал, інілеріне қамқор, жаратылысы бөлек тұлғалы азамат-тын. Өзіне қандай міндет жүктелсе де, қызметін мінсіз атқарып, жоғары мектеп саласында мол табыстарға жетті. Өзі айтып кеткендей, кәсіби тәжірибесі мен іскерлігін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін жаңаша дамытуға бағыттады. Білім ордасының ғылыми-білім беру саласы мен инфрақұрылымы жаңартылды. Әлемдік рейтингтерге кіру жұмыстары тұрақты жүргізілді. Болон үдерісінде педагогика саласы бойынша білім беру стандарттары жетілдірілді. «Білім мазмұны және жаңартпа технологиялар» ғылыми-зерттеу институты, «Психология», «Әдебиеттану және тіл білімі», «Қолданбалы физика және математика», «Ақпараттық технология» институттары мен «География және экология», «Этнокөркемәдениет» ғылыми-зерттеу орталықтары құрылды.

Ректор бастамасымен университетте «Шағын комплектілі мектептерге көмек» жобасы жүзеге асып, магистратура және PhD докторантура институты өз жұмысын бастады.

Серік Жайлауұлы қандай ортада болсын өзінің ғылыми-педагогикалық қызметі туралы «Отанымыздың күні ертең тұтқасын ұстап, алдыңғы толқынның игілікті ісін ілгері апаратын талантты жастарды тауып, оларды балапандай баулып, қатарға қосу біз үшін үлкен парыз» деп салмақты ой айтып отыратын. Серік Жайлауұлының ізбасар шәкірттері қазіргі таңда



ды. Жоғары біліктілігімен, іскерлік қабілетімен ерекшеленіп, Білім министрлігіне жауапты жұмысқа шақырылды. Министрлікте бөлім меңгерушісі, Жоғары оқу орны басқармасы бастығының орынбасары, Халықаралық байланыс жүйесі басқармасының басшысы қызметтерін абыроймен атқарды.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы кезеңінде Министрлер Кабинетінде сектор меңгерушісі, Білім министрлігі Жоғары және орта арнаулы білім басқармасы бастығының орынбасары қызметінде білім саласындағы іргелі реформаларға атсалысты.

Серік Жайлауұлының еңбек жолындағы ең бір елеулі кезеңдер – еліміздегі жетекші университеттерді басқарып, жоғары білім беру саласының дамуына ерекше үлес қосқан сәттері.

1999-2003 жылдары Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтын басқарды. 2003-2008 жылдары Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің ректоры болды. 2008-2017 жылдар аралығында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры қызметіне тағайындалды.

Ізденістерінің нәтижесінде педагогика ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның құрметті мүшесі, ҚР білім беру ісінің үздігі атанып, қазақстандық ғылыми элитаның көрнекті өкіліне айналды.

Үш бірдей жоғары оқу орнын басқарған реформатор ректор, іскер ұйымдастырушы, білікті басшы Серік Жайлауұлының атқарған жұмыстары мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, халықтың қолдауына ие болды.

Бір басылымға берген сұхбатында Серік Жайлауұлы «Үш ЖОО-ның басшысы болдыңыз, қай білім ордасы сізге ыстық?» деген сауалына: «Әрине, өзіме сеніп тапсырылған оқу орындары болғандықтан, мен бұларды бір-бірінен бөліп қарамаймын. Менің өмірімде әр оқу орнының өзіндік орны бар. Әуелі мен Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің тізгінін қолыма ұстағанда тәжірибем аздау болғаны рас. Оқу орнының қазанында қайнай жүріп, тәжірибе жинақтадым. Ал Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетіне басшылық еткен жылдарымда өзімнің бүкіл қабілет-қарымымды, білімім мен білігімді жұмсай отырып, оқу орнын түлетуге аянбай атсалыстым, тәжірибем бұрынғыдан да молайды.

елімізбен қатар, шет мемлекеттердің білім, ғылым саласында



табысты еңбек етуде. Ғалымның өзі кетсе де іргелі зерттеулері жас ғалымдардың еңбектері арқылы жалғаса береді. Серік Жайлауұлы Пірәлиевтің ректорлық қызметі, қайраткерлік жолы, ғылымдағы жетістіктері халық жүрегінен ешқашан өшпек емес.

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Басқарма Төрағасы – Ректоры.

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ БІР СЫРЛЫ....

Серік Пірәлиев!

Азаматтың жары, сыйлас құрбымыз София Арғынқызы осы бір іске қол ұшын беруімді сұрағанда, Мен ойланып қалдым. Ол қандай іс? Ағарту саласының абаданы аталып өткен Азамат Серік Пірәлиев жайында замандастары парасат сөздерін

кім-көрінгенге қонымды шыға қоймайтын ірі бір сөз, бір сөз болса да бірегей сөз! Ең бастысы – А З А М А Т Серік Пірәлиевтей айналасына адами жан шуағын шашып жүріп, еңбек етіп, өмір сүрген азаматтың өз табиғатынан туындап жататын, ақырғы демі біткенге дейін айналасына жақсылық жасаумен өткен аптал азаматқа құйып қойғандай құп жарасатын сөз. Жарасымсөз.

Алдағы уақытта («Жайсаң жан»), кітаппен егіздің сыңарындай болып бірге құрастырылып, жарыққа жарыса шыққан «Өнегелі өмір» кітабы да – Серік Пірәлиевтей Азаматқа, азаматтың тұлғалық болмысына арналады.

Естелік – рухани ескерткіш! Алыс-жақын қауымдасып, ұжымдасып, ойды ортаға салып көпшіліктің абзал адамға арнап «соққан» ескерткіші. Сәкеңмен сыйласқан, әлі жер басып жүрген жақсы-жайсаң замандастар, үлкен-кіші пірәлиевтік рухани орта, бүкіл елді күңіретіп, жаны жақын жандардың қабырғасын сөккендей қайғыға батырып өткен сегіз қырлы, бір сырлы адамның «жайсаң жан»-деп айтуға тұрарлық образын жасап шықты. Тоқсан ауыз сөздің түйіні «Пірәлиевтік орта» арқылы «Жайсаң жан» деген ат-атаумен сегіз қырлы, бір сырлы Серік Пірәлиевтей текті жаратылысты асыл адамның рухани ескерткіші «соғылды».

Серік Пірәлиев – өнегелі жан еді. Өмір өшті. Өшкен өмір перзенттері арқылы қайыра шам-шырақ болып жанады. Өмір өшті. Өмір өшкенімен жайсаң жан, іскер маманның өмірлік өнегесі өшпек емес. Қайта, жаңарған уақытпен, жаңарған уақытқа сай қазақ қоғамы үдерісімен бірге жаңа өріс ашса керек. Абзал азамат Серік Пірәлиев

өнегесі «Өнегелі өмір» ғибраттық кітабы, «Жайсаң жан» аталатын ғұмырнамалық естеліктер жинағы арқылы жаңа өріс ашады деп

жинақтап «Өнегелі өмір» ғұмырнамалық кітабын құрастыру, алдыңғы толқын ағалар, кейінгі толқын шәкірттері сағынышты естелігін жинақтап Естелік кітабын дайындау.

Серік Пірәлиев – алты алашқа танымал тұлғаның бірі. Азғантай уақыт ғылыммен айналысып, қолына алып тұрған патентін уақытша доғарып, замана ығытына орай, бүкіл өмірін Ағарту саласына жұмсаған шынайы педагог, педагог ғалым. Министрге көмекші болса да, Үкіметке шығып, Мемлекеттік қызмет атқарса да, Қазақтың ағарту тұңғышы – Абай университетін, жалғыз Қыздар педагогикалық университетін, тұңғыш халықаралық Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетін басқарса да аянбай тер төгіп, әр оқу орнын өз орнында көзін тауып көтеріп, арын арытпай, азаматтығын аздырмай Абырой биігінде жасаған азамат. Іскер басшы, «Реформатор ректор», ұжым қамқоры.

Азаматтың асыл жары София Арғынқызының өтінішін жүзеге асыру үшін алты алашқа сауын айтып, естелік жинай бастадық. Обалы қане, өтініш айтқан азаматтардың қай-қайсысы да «жоқ» демеді. Серік Пірәлиевтей азаматтың өмірден өткеніне өкініш білдіре отырып, естелік жазып беруге құмбыл мінез танытты. Естелік жазар кім-кім де Сәкеңмен өмірдің қай қия бөлінде кездесті, қандай мемлекеттік орында қызметтес болды, нендей іскерлігін байқады, қандай жақсылығын көрді, міне, соны сезімге бөлеп әсерлеп, әдемі өрнектеп жазып беруі керектігі қайта-қайта сұралған. Олай болатын себебі – сандаған адам айтқан (айтқанын жазып алдық. Қ.Е.), жазған естелік, бағалау мақаласы бірін-бірі қайталап кетпесін деген ой. Жинақ кітап бір адамға арналып шығарылғалы отырған соң, естелік бір азаматқа бағышталып жазылған соң қайталанбай тұрмасы тағы да хақ. Дегенде, біздің өтінішімізден соң әрбір естелік әр тарапты болып шықты, әр тарапты болғандықтан Азаматтың адамдық, маман ретіндегі алуан қыры әдемі-ақ ашылыпты. Қайталау жайына келсек, естелік айтушы, естеме жазушы әрбір адам бір сөзді айна-қатесіз қайталауға мәжбүр. Ол – А З А М А Т – деген бір сөз. Азамат –кім-көрінгенге қолдана бермейтін, қолданған күнде



сенеміз. Өмір өшкенімен, өнеге өшпес, өшпес өнеге өріс ашар алда,... алда.... «Что написано пером, не рубиш топором...» Дос рухына тағзым!

Құлбек ЕРГӨБЕК,
Академик жазушы,
ҚР Жазушылар
одағы Басқармасының хатшысы.

ШӘКІРТ ТІЛЕГІ

ҰСТАЗ ҒИБРАТЫ

Жалындаған студенттік шағымыз киелі Түркістанда өтті. Ясауи бабамыздың атын иеленген Халықаралық қазақ-түрік университетінде оқыдық. 2003 жылы осы университетке Серік Жайлауұлы Пірәлиев ректор болып келді. Ол кезде біз 2-курстың студентіміз.

Жақсылық – күн секілді, кейде бұлт астына жоғалып, кейде сәулесін мол шашып, нұрын төгеді. Осындай жақсылық сәулесін шашып, мейірім шуағын төгіп тұратын жақсы адамдардың бірі әрі бірегейі біз үшін Серік аға Пірәлиев болатын. «Тек жақсылық ойлайтындар ғана бақытты өмір сүре алады», - деген ұстанымды өз өміріне арқау еткен Серік ағамыздың университет үшін жасаған ерен еңбектері баршаға аян. Ал мен, бұл азаматтың студенттер үшін жасаған жұмыстары мен қамқорлығының бір парасын айта кетейін.

Біз жастар, яғни студенттер үшін жасаған ең маңызды істерінің бірі, студенттік өзін-өзі басқару жүйесін құрып, Студенттік ректоратты қалыптастырды. Жаһанға жар салмай-ақ, сол кездің өзінде жастардың демократиялық құқықтарын қалыптасуға негіз болған студенттердің өзін-өзі басқару жүйесін құру ерлік іс еді. Студенттер өздерінің арасынан көшбасшыларын сайлау арқылы таңдады. Яғни, студенттік ректоры мен студенттік проректорыларын жалпы сайлау арқылы сайласа, әр факультет өздерінің студенттік декандарын жеке сайлап алды. Барлығы ашық, демократиялық түрде орын алған еді. Барлығына өзіміз, яғни сол кездегі студент замандастар куәміз. Мен де алғашында студенттік декан, кейіннен студенттік директор ретінде осы жүйеде болғанымды мақтаншып еске аламын. Серік аға университеттегі студенттік өзін-өзі басқару жүйесін құрып қана қоймай, оған ерекше құқықтар мен құзыреттерін де қоса берді. Атап айтқанда, жыл сайын 30 орын түрік квотасын бөлуді және 25 орын президенттік стипендия және 6 орын атаулы стипендия бөлуді осы студенттік ректораттың құзырына берген болатын. Ағаның мына сөзі әлі есімде, осы 30 орын түрік квотасын алғаш рет бөлу үшін жиналып отырғанымызда Серік аға келіп, өз тілегін білдіре отырып, бізге айтқаны: «Сендерге үлкен сенім артып отырмыз, мейілінше әділ болыңдар! Бір студенттен бір шоколад алғандарыңды естімейтін болайын!» - деген талабы мен тілегі сол кезде бізге әрі нұсқау әрі бағыт болса, кейіннен өміріміздің ұраны мен ұстанымына айналды. Осы орайда, тағы бір айтар кетерлік жайт, сол жиын барысындағы талқылау нәтижесінде 30 орын түрік квотасы 30 студентке үлестірілді. Нәтиже жарияланар тұста, бір студент қол көтеріп, өзін таныстырды және жағдайын айтып квотаға өтініш беруге шамалы кешігіп қалғанын әрі әлеуметтік жағдайы бойынша әкесінің жоқтығын да білдірді. Серік аға жаңағы баланың да біздердің де пікірлерімізді мұқият тыңдап тұрды да бізге мейірлене қарап: «Сендер де куә болып, ұсынып отырсыңдар, сондықтан тағы бір қосымша бір орын берейік», - деп, жаңағы баланың да біздің де көңілімізді жықпастан қосымша бір орын беріп, жомарттық танытып еді. Осыдан кейін студенттік ректоратқа бөлу үшін берілген орын 30 емес 31 болып бекітілген болатын. Студенттік шақта оқумен қатар қоғамдық жұмыста белсенді болған талай студент осы жақсылықтың (квота-тегін оқу) жемісін көрді. Сол достарымызды көріп қалсақ осы күнге дейін Серік ағамызға рахмет айтып, ағамызды жақсылығымен еске алады.

Ал енді, осы орайда, Серік ағаның жеке өзіме тиген шарапаты туралы да айта кету керек деп ойламын. 2006 жылы оқуды үздік бітіріп, Астанаға министрлікке жұмысқа жолдама алып, ата-анамыздың рұқсатын алуға ауылға барғанмын. Ата-анам қызыл ди-



пломымды көріп бір марқайып, мәре-сәре болып қалды. Алдағы жоспарды айтқанымда, әкем үнсіз тыңдап отырып: «Балам, сен оқышы, кезінде мен оқи алмай қалған едім. Сен оқып, ғылым докторы, профессор болшы», - деп, қиыла тілегін (мүмкін өзінің орындалмай қалған арманын) білдіріп еді. Сол-ақ екен, әкенің тілегі үшін барлық жоспардан бас тартып, Түркістанға қайта келдік. Не үшін? Тағы да оқу үшін. Магистратурада. Алайда бұл оңай болмады. Сол кездегі көптеген көзге көрінбейтін, қолға ұсталмайтын жасанды, көзбояушы кедергілер алдымнан шыға берді. Бір ай, яғни қыркүйек бойы солармен күрестім, тірестім. Бармаған адамым, кірмеген есігім қалмады. Қазан айы басталды, амал жоқ, елге қайту керек болды. Сол күні кешке барлығынан үмітімді үзіп, салым суға кетіп жатаққандағы бөлмеге келдім. Менің сол кездегі түрімді көрген достарым Мырзахан мен Алпамыс барынша басу айтып: «Ертең Серік ағаның өзіне кірейік, өзінен тікелей көмек сұрайық», - деп жұбатты. Сол жұбанышпен ертеңгісін таң ертеңмен үшеуіміз ректораттың алдында Серік ағаны күттік. Өлі есімде 3 қазан күні таң ертең болатын. Серік аға келген бойда бізді көріп: «Оу, Арыстандар! Қайдан жүрсіңдер?! Келіңдер», - деп, бөлмесіне ерте кірді. Ішке кіргесін екі досым болған жағдайды түсіндіріп, көмек беруін сұрады. Серік аға бізді тыңдап болғасын, сөзге келместен үстел үстіндегі түймені басып, хатшы қызға Магистратура бөлімінің басшысын телефонға қосуды бұйырды. Шамалы сәтте телефон шыр ете қалды. Телефонды алған Серік аға: «Мынаны жазып ал! Экономика мамандығына Келесбаев Дінмұхаммед Нұрмаханбетұлы түсетін болсын!» - деп, телефонды қояр қоймастан: «Ал, балам, құтты болсын!» - деп қолымды қысып шығарып салды. Біз сенер-сенбесімізді білместен, студенттердің Кентаудағы іс-шарасына асыға шығып кеттік. Түстен кейін хабар алуға келсек, Магистратура бөлімінің басшысы мені көре сала: «Келесбаев қайда жүрсің?! Сабақ басталғалы бір ай болды», - деп дүрсе қоя берді. Біз именудің орнына қуанып, бір-бірімізді құттықтай жөнелдік... Міне, осылайша Серік ағаның тағы бір жомарттығы мен жайсандығына куә болып едік. Құдай куә осы күнге дейін Серік ағаның осы жақсылығын реті келсе тілге тиек етіп, үлгі ретінде айтып отырамын.

Өмірде адамның әртүрлі ұстазы болады. Мектептегі алғашқы ұстазы, білім жолындағы немерсе ғылым жолындағы ұстазы дегендей. Ал, Серік аға менің «өмірлік ұстазыма» айналды десем артық айтқандық емес. Себебі, Серік ағаның өзін көріп, көзін көріп, өмірінен үлгі алып, қабылдаған талай өнегелі шешімдері мен істеріне куә болдық. «Ұстаздың бейнесі – шәкірт үшін үлгі болып танылады» демекші, өмірлік ұстазым Серік аға Пірәлиевке қарап, еске алып, өз бойымызды түзеп келеміз. «Өзің мәңгі емес, атың мәңгілік. Атың мәңгі болса, затың – мәңгілік», - деп Жүсіп Баласағұн айтпақшы, Серік аға жастарға жасаған осындай жақсылықтары үшін біздің жадымызда мәңгі сақталады. Сондықтан, «Адамның адамшылығы – жақсы ұстаздан», - деп Абай атамыз айтқандай, ұстазымыздың тәрбиесі мен өнегесі біз үшін өмірлік азық болып қала береді.

Ғибратты ғұмырының қымбат шақтарын болашақ жас буынды оқыту мен тәрбиелеу ісіне арнаған ұлағатты ғалым, өз ісіне жан-тәнімен берілген, шәкірттерінің жүректеріне нұр құя білген өнегелі ұстазымызды құрметпен еске алып, рухына бас иеміз.

Дінмұхамед КЕЛЕСБАЕВ,
Экономика, басқару және
құқық факультетінің деканы,
қауымдастырылған профессор, PhD доктор.

<p>Ясауи университеті УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ</p> <p>Газет 1995 жылдан шыға бастады</p> <p>Меншік иесі: Кожан Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</p> <p>Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА</p> <p>Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет.</p>	<p>Медиа және PR орталығы:</p> <p>журналистер: «Журналистика» кафедрасының студенттері</p> <p>Фото маманы: Нахып ШЫНТЕМИРОВ</p>	<p>Газетті есепке қою туралы №11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.</p> <p>Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы.</p>	<p>Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды</p> <p>2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.</p>
---	---	---	--

Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru